

24 ақпан  
Сейсенбі,  
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru  
Kokjar\_tynysy

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## БАС САНИТАРДЫҢ ҚАУЛЫСЫ — ҚЫЗЫЛШАҒА ЖОЛ БЕРМЕУДІҢ АЛҒЫШАРТЫ

ҚАНАРЛЫ ҚЫС ТА АЯҚТАЛЫП, КҮЛІМДЕГЕН КӨКТЕМ ДЕ ЖАҚЫНДАДЫ. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КҮНТІЗБЕ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ҮШІН ЖЫЛ БАСЫ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕТІН БЕРЕКЕЛІ ДЕ МЕРЕКЕЛІ ҚАСИЕТТІ НАУРЫЗ АЙЫ ДА ЕСІКТЕН ЕНГЕЛІ ТҰР. БІРАҚ, СИПОНТИКТЕРГЕ СЕНСЕК, АҚПАНЫҢ АЯҒЫНА ДЕЙІН АЯЗДЫҢ СЫНАТЫН ТҮРІ ЖОҚ. ТІПТІ НАУРЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ АПТАСЫ ДА АЯЗДЫ БОЛАДЫ.



Әрине, наурыз ресми түрде көктемнің айы болғанымен біздің өңір үшін де қыстың соңы. Ақпанның соңы шыңалтыр аязға ұласты. Арақидік атан түйені алып жығатын үскірік боран да соғып, жолдар жабылды. Әйтсе де жолаушылар төніп тұрған қауіпті елемей, бастарын қатерге тігіп, жолға шығуларын азайтар емес. Тіпті, жолдың жабылуына наразылықтарын да білдіріп жатыр. Рас, әркімнің ерқалай шаруасы бар. Бірақ, ең бірінші

адамның амандығы керек... Ауа-райы осылай сан құбылып тұрғанда елімізде қызылша ауруы өршіп тұр. Сондықтан, еліміздің бас санитары кешенді шаралар қабылдап жатыр. Яғни, қызылша деректі анықталған жағдайда екпе алмаған балалар балабақша мен мектепке уақытша қабылданбайды. Бұл шара инфекцияның таралуын тежеуге бағытталып отыр. Тиісті қаулыға еліміздің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Сархат Бейсенова

қол қойды. Құжат 19 ақпаннан бастап күшіне енді. Қаулыға сәйкес, білім беру басқармаларының басшылары балаларды вакцинамен қамту деңгейін кемінде 90%-дан төмен түсірмеуді бақылауға, сондай-ақ білім беру ұйымдарында күн сайын «таңғы тексеріс» жүргізуге міндетті. Яғни таңертең оқушылар мен педагогтер тексеріліп, ауру белгілері бар адамдардың ғимаратқа кіруіне жол берілмейді. Сонымен бірге ата-ана-

ларға иммундаудың маңызы туралы түсіндіру жұмыстары күшейтіледі. Бұдан бөлек, қызылша тіркелген жағдайда екпе алмаған балаларды балабақша мен мектептен уақытша шеттету тапсырылды. Бұған дейін Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті елде екпеден жаппай бас тарту салдарынан ұжымдық иммунитеттің әлсірегенін хабарлаған еді. Ресми дерекке сәйкес, қызылша жұқтырған балалардың 59%-ы ата-анасының қарсылығына байланысты вакцина алмаған. Р. С. Абырой болғанда біздің ауданда бүгінгі күнге балалар арасында бірде-бір қызылшамен ауыру жағдайы тіркелмеген.

Бірақ, бұл бейқамдыққа негіз емес. Сондықтан, аудандық аурухананың бас дәрігері Алматы Байдұллаевтың айтуынша, туғанына алты ай болған сәбилердің барлығы толық вакцинамен қамтылған. Тек дәрігерлердің нұсқауымен денсаулығына туа бітті ақуы бар немесе басқа да аурушаңдығына байланысты вакцина салынбаған балалар бар. Тек ата-анасының негізсіз қарсылығына байланысты вакцина алмағандар жоқ.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,  
Ойыл селпосы.

### РЕФЕРЕНДУМ - 2026

#### «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРУ КҮНІНЕ 18 ЖАСҚА ТОЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТЫНЫҢ ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР.



Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімімен.

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ

### ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ —

#### ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ КЕПІЛІ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЕЛДЕГІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҮЙШАМДАП, АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ МЕН ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ ДЕП ОЙЛАЙ-МЫН. БҰЛ БАСТАМА — УАҚЫТ ТАЛАБЫ.

Бүгінде мемлекет даму жолының жаңа белесінде тұр. Қолданыстағы қос палаталы жүйе заң шығару үдерісін күрделендіріп, маңызды шешімдердің қабылдануын баяулататыны анық. Әсіресе, әлеуметтік маңызы зор мәселелер жеделдікті қажет етеді. Сондықтан парламенттің бір палаталы жүйеге көшуі — заңнамалық жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған қадам. Ұсынылған жоба Конституция баптарының басым бөлігін, яғни 84 пайызын қамтиды. Соңғы жылдары қоғамда қызу талқыланған, нақтылауды қажет еткен мәселелер негізгі заңның жаңа жобасында көрініс тапқан. Мәселен, цифрлық дәуірдің дамуына сай азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғау, дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді нормалар бекітіледі. Сонымен қатар билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті нығайту, әлеуметтік кепілдіктердің орындалуын нақтылау көзделіп отыр.

Сондықтан, қарама-қайшы түсіндірмелер мен екіұшты тұжырымдарды болдырмау үшін бірқатар терминдер мен нормалар қайта қаралған. Әсіресе әлеуметтік бағыт айқындала түседі. Еңбек ету, қолжетімді білім алу, сапалы медициналық қызметке қол жеткізу секілді құқықтар конституциялық деңгейде бекітіліп, мемлекет жауапкершілігі айқын көрсетіледі. Нарықтық қатынастарға сілтеме жасап, әлеуметтік міндеттерден шегінуге жол берілмейді. Жалпы алғанда, бұл өзгерістерді түбегейлі деп те айтуға келмейді, керісінше, қолданыстағы құндылықтарды нығайтып, оларды іске асыру тетіктерін күшейтуге бағыт-



талған. Негізгі заң жобасы мәтінінен ұлттық байлықты әділ бөлу, еңбек адамының құқығын қорғау, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарды қолдау қағида-дәстүрлерін көруге болады. Сондықтан жаңа жобаны қабылдау маңызды, себебі конституциялық кепілдіктер тек декларация күйінде қалмай, нақты қорғаныс тетіктерімен қамтамасыз етілуге тиіс. Білім мен денсаулық сақтау саласына тең қолжетімділік те әлеуметтік әділеттіліктің басты өлшемдерінің бірі. Бақылау және жауапкершілік институттарының күшеюі азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Бұл жаңа, мүлдем басқа қадам. Көбі түсінбей, әлдебір кереғар ойларды айтып жүр. Шынайы табыс — қоғам мен мемлекет арасындағы сенімнің нығаюында. Егер Конституция адам құқығын қорғайтын, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін және азаматтардың саяси үдеріске белсенді қатысуына жол ашатын пәрменді құралға айналса, реформаның мақсаты орындалды деген сөз.

Марат АРЫСТАНОВ,  
Аудандық Қоғамдық Кеңестің төрағасы.

### БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІ

#### БІРЛІКПЕН БЕКИДІ!

«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН» ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАНЫМЫЗДЫҢ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.



Кездесу барысында жаңа Конституция жобасының маңызы, оның ел болашағы үшін стратегиялық рөлі және ұлттық құндылықтарды сақтау бағытындағы нормалары түсіндірілді. Спикерлер Ата заңда әділеттілік, заң үстемдігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидаттары берік бекітілетінін атап өтті. Егде жастағы азаматтар үшін әлеуметтік кепілдіктер, зейнетақы жүйесі, медициналық көмекке қолжетімділік және әлеуметтік қолдау шараларының конституциялық негіздері туралы айтылды.

Сонымен қатар, неке және отбасы институтын қорғау, ұрпақтар сабақтастығын сақтау, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу мәселелері қозғалды. Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтті. Аға буын өкілдері өз ойларын білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды. Коалиция мүшелері барлық сұрақтарға жауап беріп, жаңа Конституция жобасының мәнін жан-жақты түсіндірді. Бұл басқосу — ел тағдырына бейжай қарамайтын аға буынның пікірін тыңдауға бағытталған маңызды кездесу болды.

### ЕҢБЕК ЕТСЕҢ - МІНДЕТ ЕТУ МҮМКІНДІГІ

#### ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМА ЕЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢДЕРДІҢ БІРІ ДЕП БАҒАЛАЙМЫН.

Жаңа Конституция жобасы мемлекетті басқарудың заманауи қағидаттарын қалыптастырып қана қоймай, қарапайым еңбек адамының құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталып отыр. Конституция жобасын талқылау ашық әрі жария форматта өтті. Осы уақыт аралығында саяси партиялардан, қоғамдық бірлестіктерден және ел азаматтарынан 4000-ға жуық ұсыныс түсті. 30 қаңтарда жарияланған құжат қоғамда кеңінен талқыланып, әр азаматтың пікірін білдіруіне мүмкіндік берілді. Бұл — реформаның халық мүддесіне негізделіп отырғанының айқын көрінісі. Ұсынылып отырған өзгерістердің өзегінде адам факторы еңбек тек азаматтың жеке таңдауы емес, мемлекеттің тікелей жауапкершілігі ретінде қарастырылады. Еңбек ету құқығының конституциялық деңгейде бекітілуі жұмыспен қамту, лайықты еңбек жағдайын жасау және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету міндетін мемлекетке жүктейді. Жаңа Конституция — бұл мемлекетті басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыратын әрі қарапайым азаматты қорғауға бағытталған қоғамдық келісім. Бұл жобаның негізінде адам тұр. Онда өмір сүру, еңбек



ету құқығы мен бостандықтар нақты айқындалған. Жаңа Конституция әлеуметтік диалог пен қоғамдық бақылау тетіктерін күшейтуді көздейді. «Заң мен тәртіп» қағидатының конституциялық деңгейде бекітілуі де еңбек адамы үшін айрықша мәнге ие. Заң алдында бәрінің тең болуы, сот жүйесінің тәуелсіздігі мен құқықтық мәдениеттің орнығуы жұмысшының өз құқығына деген сенімін арттырады. Бұл еңбек қатынастарындағы әділетсіздіктің алдын алуға бағытталған берік құқықтық негіз саналады. Жаңа Конституция — еңбек адамының еңбегін бағалайтын, оның үнін еститін және құқықтарын нақтылайтын құқықтық негіз. Осы себепті бұл реформаны әлеуметтік тұрақтылық пен әділетті қоғам қалыптастыруға бастайтын маңызды қадам деп ойлаймын!

Гүлбайат БЕКЕЕВА,  
Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі.

# «БІРТҰТАС ЕЛ - БІРТҰТАС ЖЕР»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚАТАРЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ!**

Отан - әр азаматтың ең қымбат қазынасы. Тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірін қорғау-абыйролы міндет. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халықаралық деңгейде беделін арттырып келеді. Сондықтан әскерге қызмет ету - әрбір жас азамат үшін үлкен жауапкершілік әрі мәртебе.

Әскер-тек қару ұстау емес, ол - тәртіп мектебі. Мұнда жас сарбаздар шыдамдылыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа үйренеді.

Әскери өмір адамды физикалық жағынан да, рухани жағынан да шындайды. Қиындыққа мойымай, нақты шешім қабылдауға баулиды. Бұл қасиеттер болашақта көз келген мамандықта табысқа жетуге көмектеседі.

Әскери қызмет - нағыз патриотизмнің көрінісі. Ата-балаларымыз ақ найзасының

ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, ұрпағына аманат еткен жеріміз ұлан-ғайыр! Бүгінгі ұрпақ сол сенімді ақтап, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне үлес қосуы тиіс.

Әскер қатарында қызмет ету арқылы жастар Отан алдындағы борышын өтеп қана қоймай, нағыз ер азамат ретінде қалыптасады.

Қазіргі таңда әскери салада көптеген мүмкіндіктер бар: заманауи техника, кәсіби дайындық, тұрақты жалақы және

әлеуметтік қолдау. Әскерде қызмет еткен азаматтар үшін болашақта жұмысқа орналасуда да артықшылықтар қарастырылған және жоғару оқу орындарына тегін білім алу сертификаттары беріледі.

*Құрметті жастар! Отанды қорғау - қасиетті парыз. Ел болашағы сіздердің қолдарыңызда. Әскерге барып, ерлік жолын таңдаңыздар!*

**А. ИМАШЕВ,**  
Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы.

## ЗАҢДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ФАКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ



Сот азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке не мүлкілік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды.

### 2. Сот мынадай фактілерді:

- 1) адамдардың туыстық қатынастарын;
- 2) адамның біреудің асырауында болуын;
- 3) тууды, бала асырап алуды, некеге тұруды, ажырасуды және қайтыс болуды тіркеуді;
- 4) әке болуды тануды;
- 5) құқық белгілейтін құжаттардың (әскери құжаттарды, паспортты, жеке куәлікті және азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) құжатта көрсетілген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспорты немесе жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі бойынша атына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамға тиесілі екендігін;
- 6) егер арыз берушіде мүлкілік тиесілігі туралы құқық белгілейтін құжат бар болып, бірақ ол жоғалған болса және көрсетілген факт соттан тыс тәртіппен анықтала алмайтын болса, жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болуын;
- 7) егер жазатайым жағдайды өзгеше тәртіппен растау мүмкін болмаса, жазатайым жағдайды;
- 8) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамға тиесілі екендігін;
- 6) егер арыз берушіде мүлкілік тиесілігі туралы құқық белгілейтін құжат бар болып, бірақ ол жоғалған болса және көрсетілген факт соттан тыс тәртіппен анықтала алмайтын болса, жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болуын;
- 7) егер жазатайым жағдайды өзгеше тәртіппен растау мүмкін болмаса, жазатайым жағдайды;
- 8) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болуын;
- 9) егер нотариаттық әрекет жасайтын тұлға мұрагерлік мүлкілік иелену үшін күшіне ену фактісін растауға қажетті тиісті құжаттардың болмауына немесе жеткіліксіздігіне байланысты мұраға құқық туралы куәлікті арыз берушіге бере алмаса, мұрагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орнын анықтау туралы істерді қарайды.

тегі осы адамның паспорты немесе жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі бойынша атына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамға тиесілі екендігін;

6) егер арыз берушіде мүлкілік тиесілігі туралы құқық белгілейтін құжат бар болып, бірақ ол жоғалған болса және көрсетілген факт соттан тыс тәртіппен анықтала алмайтын болса, жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болуын;

7) егер жазатайым жағдайды өзгеше тәртіппен растау мүмкін болмаса, жазатайым жағдайды;

8) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамға тиесілі екендігін;

6) егер арыз берушіде мүлкілік тиесілігі туралы құқық белгілейтін құжат бар болып, бірақ ол жоғалған болса және көрсетілген факт соттан тыс тәртіппен анықтала алмайтын болса, жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болуын;

7) егер жазатайым жағдайды өзгеше тәртіппен растау мүмкін болмаса, жазатайым жағдайды;

8) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болуын;

9) егер нотариаттық әрекет жасайтын тұлға мұрагерлік мүлкілік иелену үшін күшіне ену фактісін растауға қажетті тиісті құжаттардың болмауына немесе жеткіліксіздігіне байланысты мұраға құқық туралы куәлікті арыз берушіге бере алмаса, мұрагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орнын анықтау туралы істерді қарайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа заңдық маңызы бар фактілерді анықтаудың өзгеше тәртібі көзделмесе, оларды сот анықтайды.

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтауға қажетті шарттар

Сот арыз берушінің заңдық маңызы бар фактілерді куәландыратын тиісті құжаттарды өзге тәртіппен алуы мүмкін болмаған кезде не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде ғана осы фактілерді анықтайды.

Арыз беру Жылжымайтын мүлкілік орналасқан жері бойынша сотқа берілетін заңдық маңызы бар фактіні анықтау туралы істер бойынша арыз жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болу фактісін қоспағанда, арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Арыздың мазмұны

Арызда арыз берушінің осы фактіні қандай мақсатпен анықтауы қажет екендігі көрсетілуге тиіс, сондай-ақ арыз берушінің тиісті құжаттарды алуы мүмкін еместігін не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін еместігін растайтын дәлелдемелер келтірілуіне тиіс.

Соттың арыз бойынша шешімі Заңдық маңызы бар фактіні анықтау туралы соттың шешімі, егер мұндай құқық осы органдар беретін құжаттарды ауыстырмай, тіркелуге жататын болса, тиісті құқықты мемлекеттік тіркеуге және тиісті құжаттарды беруге негіз болып табылады.

**Г.ТАНКИЕВА,**  
Ойыл аудандық сот өкімшісінің басшысы.

### РЕФЕРЕНДУМ - 2026

## ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢІНДЕ ҮГІТ ӨТКІЗУ МЕКЕН - ЖАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
	Ойыл	Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы, Шернияз көшесі №36
		Ақшатау ауылы, Ақшатау орта мектебі, Ақжол көшесі № 1а
		Қаракөмер ауылы, Қаракөмер мектеп-балабақшасы, Ынтымақтастық көшесі №1
	Ш.Берсиев	Қаратал ауылы, Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21
		Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2
		Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, А.Жұбанов көшесі № 5
	Коптоғай	Коптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18
		Амангелді ауылы, Амангелді орта мектебі, Бейбітшілік көшесі № 25
		Қарасу ауылы, Қарасу негізгі мектебі, Алашорда көшесі №2
		Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19
	Қараой	Қараой ауылы, Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26
		Қубасай ауылы, Қубасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7
	Сарбие	Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18
		Қаракөл ауылы, Қаракөл бастауыш мектебі, Абай көшесі № 10
	Саралжын	Кемер ауылы, Ә.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Көктал көшесі № 2
		Ақкөмер ауылы, Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7
		Бестамақ ауылы, Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1
		Шиқұдық ауылы, Теректі негізгі мектебі, Қайрат Рысқұлбеков көшесі №16
		Қоңырат ауылы, Фельдшерлік амбулаторлық пункт, Ойыл көшесі №1
	Қайынды	Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8
		Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6

## ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Ойыл ауылы	Желтоқсан көшесі ("Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ойыл аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының оң жағында)
		Көкжар көшесі ("Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимаратының оң жағында)
2	Ақшатау ауылы	Ақжол көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақшатау орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
3	Қаракөмер ауылы	Ынтымақтастық көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қаракөмер мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
4	Кемер ауылы	Ботагөз-2 көшесі ("Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
5	Бестамақ ауылы	Аяпберген көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тайсойған негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
6	Қаратал ауылы	Ж.Жүсібәлиев көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ш.Берсиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
7	Қарасу ауылы	Ахмет Жұбанов көшесі ("Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ойыл аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қарасу медициналық пункт ғимаратының сол жағында )
8	Құмжарған ауылы	Бекет ата көшесі ("Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында)
9	Қараой ауылы	Еңбеккерлер көшесі ("Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
10	Құбасай ауылы	Қызылқорған көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құбасай бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
11	Сарбие ауылы	Жастар көшесі ("Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
12	Қаракөл ауылы	Абай көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қаракөл бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы)
13	Көптоғай ауылы	Мектеп көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құрман орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
14	Амангелді ауылы	Бейбітшілік көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Амангелді орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
15	Қарасу ауылы	Алашорда көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарасу негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
16	Шұбарши ауылы	Ақсай көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жақсыбайкөл негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
17	Ақжар ауылы	Мектеп көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Саға мектеп- балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
18	Көсембай ауылы	Орталық көшесі ("Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ойыл аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының оң жағында)

АХМЕТ ЖҰБАНОВ - 120 ЖЫЛ

ЕСІМІ ДЕ, ЕҢБЕГІ ДЕ ЕЛ ЕСІНДЕ

Ахмет Қуанұлы Жұбановтың ұлы істерді атқаруға 1937 жылғы репрессия кезінде аман қалуы Тәңірдің Қазаққа сыйы деп ойлаймыз. Сонан Ахмет Жұбанов қазақ кәсіби өнердің негізін қалады. Дамытты. Өркендетті. Халқы оның естімеген еңбегін де сақтауда. Ұлы перзентін ардақтауда. Ғылым дара тұлғаның туғанына 120 жыл толады.

Қазақ ұғымында «тегі» деген қасиетті, мазмұнды ұғым бар. Жұбановтар әулеті де «тегі» күшті. Құдайберген – тіл ғылымының профессоры, Ахмет – өнерде бірінші академик, Ғазиза – қазақ әйелдері арасында бірінші кәсіби композитор, Ахаңның жиені Алан Бөрібаев – дарынды дирижер. Міне, бұл тектілік.

Ахмет Жұбановтың тегі Кіші жүздің Алты ата Әлімінен тарайды. Одан Өріс, одан Едіге бидің ұрпағы Бөлек, одан Айт пен Бұжыр. Ақтөбе музейінде Бұжыр батырдың сауыты экспозицияға қойылған. Осы Бұжыр батырдан Назар, Шүрен, Жекей тарайды. Назардан Құбатая, Қосым. Құбатаядан Өуез. Өуезден Жәнібек. Жәнібектен Атан, Тайлақ, Қожа, Қойлақ, Шалабай - деген бес бала болған. Тайлақтан үш ұл – Батырбай, Ерубай, Қандыбай туған. Батырбайдан Жұбан, одан Қуан, Тәңірберген (Төпен), ал Қуаннан Құдайберген, Ахмет, Мұхамеді туады. Сондықтан Құдайберген, Ахмет Жұбановтар өздерінің руын «Өуез» дейді.

Ахметтің нағашылары - Жаңғылыштар. Өзінің 60 жылдығын Ақтөбе өңірінде тойлағанда Ахаң өзіне тән жұмсақ тілмен жұқалап, әдемілеп нағашыларын қағытып, қалжыңдап қояды екен. Ахаңның зайыбы – Науат. Қайын жұрты Кенегес руының бір бұтағы Танас болады.

Жұбановтың перзентке зар болып, налып жүрген кезінде ер бала дүниеге келіп, жұрт «Енді қуан, қуанышың құтты болсын, арманың орындалды» - деп құттықтайды. Сонан Жұбан ұлының атын Қуан қояды. Қуанның балалары қыз болып, бір ер баланы аңсап жүргенде, «Құдай беріп» ұл балалы болады. Оның атын Құдайберген қояды. Құдайберген тіл білімінің үлкен ғалымы болады. Құдайберген мен Ахметтің шешесі Бибішаран атақты Жамашұлы Тағыберген бидің қызы. Құдайбергеннің зайыбы Раушан - туа біткен шешен, парасатты ой мен сара сөздің иесі, аппақ сұлу әйел болған. Соған сәйкес балалары «Ақ мама», қайнылары «Ақ жеңгей» деп ат қойған. Раушан Шалқар өңірін жайлаған қырғыздардан шыққан екен. Құдайберген Раушанды аса қадірлеп, құрметтеген. Оған өзі, Санкт - Петербургте оқып жүргенде жазған:

«Сәлем айт барғандарың Раушан қызға,  
Өзгем тең көрмеймін ол шандозға!  
Өзгеден өзгелігі болғаны ғой,  
Болмаса, сәлем айттым қай қырғызға!» - деген сәлем хат өлеңін жазған. Раушанның шешесі Өлмесек Жағалбайлы руынан, әдемі кісі болған екен.

Ахметтің әкесі Қуанның 14 баласы болған. Қуан өзі көзі ашық, көкірегі ояу адам екен. Петербургте, Уфада, Қазанда, Орынборда қазақша, орысша, арабша, татарша шығатын газет – журналдарды алдырып, балаларына оқытқан. Ауылда балаларды молда оқытқан. Ахмет, Құдайбергенді Қуан Оспан-Омар деген адамдарға оқытқызыған. Қуан Сатыбалды деген шеберге ақы беріп, мектепке арнап кішкене үй салғызды. Балаларын оқытып,

адам етіп, тәрбие, білім беруді мақсат етеді. Елге үлгі болсын деп өзінің балалары Құдайберген, Ахмет, үлкен қызы Ауқатты, кіші қыздары Дәмет, Зибә, Ағиба, Тәңірбергеннің қызы Бәтиманы мектепке оқуға береді. Мұғалімдікке Уфада «Ғалия» медресесін бітірген, кейін атақты «Ленин» орденді мұғалім болған Әбділлі Беркіновті шақырды. Ә.Беркінов «Қуанның екі баласы да зерек болды» деп Құдайберген мен Ахметке жақсы мінездеме береді. Ахмет өз фамилиясын атасының атымен Жұбанов деп жаздырған. Жалпы Жұбановтар әулетінің бәрі үлкен атасының атымен жазылған. Жұбан балалары Қуан мен Тәңірбергенге жақсы тәрбие, ақыл берген. Балаларына «Бақыт байлықта емес, абыройда. Шырақтарым, би болмай ақ, би түсетін үй болың» деп ақыл береді екен. Қуанның шаруасы жақсы, тұрмыс жағдайы тауір болған. Тәңірберген екеуі – жер өңдеп, мал өсіріп, кірпіштен үй салып, шөп шауып, ауыз су үшін құдық қазып, жақсы еңбек еткен. Экспедициямен Мұғалжар ауданындағы «Жаңа тұрмысқа» барғанымда ауыл ақсақалы – Жұбановтар туысы маған Қуанның үйінің орнын, Құдайберген, Ахмет, Ғазиза туған үйдің, мектеп үйі орнын, ойнаған жерлерін көрсетті. Жұбановтар әулетінің қазақтың күй өнеріне ықыластары мықты ауган. Профессор Құдайберген тіл білімі саласын терең зерттеген, қазақ музыкасы саласынан еңбек жазған және бұл – қазақ күйлері туралы жазылған бірінші еңбек. 1936 жылы ол «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінде» атты очеркін жазды. Қ.Жұбановтың «Қазақтың күй өнері еуропалық өнердегі симфония, философия» атты кітабының мұқабалық бетінің фотокөшірмесі экспозицияға қойылған тағы басқа еңбектері, кітаптары музейде сақталған.

Ахаң қазақ күйлерін терең, жан-жақты зерттеген. Қазір бірде-бір өнер зерттеушісі А.Жұбановқа соқпай, сілтеме жасамай кете алмайды. Себебі А.Жұбановтың зерттеулері негіз, қайнарбұлақ. А.Жұбанов «Замана бүлбүлдары», «Струны столетий», «Ән-күй сапары», «Қазақтың халық күйші, композиторлары» тағы да басқа күй туралы еңбектер жазған. Олар музейде экспозицияға қойылған. Ал, Ғазиза болса, Қызылқұрт руынан шыққан атақты күйшіге арналған «Құрманғазы» операсын жазды. Оркестр қазақ өнерінде болмаған, тек жеке орындаушылар болған.

А.Жұбанов елдегі талантты өнерпаздарды, күйді көп білетін күйшілерді оркестрге жинаған. Олардың музыкалық сауаты болмаған, нота білмеген. А.Жұбанов оларды оркестрде бірге ойнауға, дирижерге бағынуға үйреткен. Бұл қазақ өнеріндегі жаңалық, жаңа тың бастама болды. Сөйтіп, А.Жұбанов қазақ өнері тарихында бірінші ұлттық аспаптар оркестрін құрған қайраткер болды. Оркестрді басқару үшін қазақ музыка саласында дирижерлікті да өзі бірінші бастап, музыкалық өмірге өзі енгізді. Бұл да дирижерлікте қазақ музыка саласында бұрын болмаған құбылыс еді.

Атақты дирижер, Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрін көп жылдар басқарған Шамғон Қажығалиев маған А.Жұбановтың дирижерлығы туралы біраз әңгіме – деректер айтып берді. Ахмет Жұбанов қазақтың ұлттық аспаптар оркестрін құрған кезде, оған дирижерлікті өзі бастаған. Ол кезде мен екінші курс сту-

дентімін, оркестрде керемет дарынды домбырашы, қобызшы артистер жұмыс істеді. Мені оларға айтып, дирижерлікті Шамғон атқарады, бала деп қарамаңдар, мен деп түсініп, қарабылдар, дайындық жақсы өтсін деп тапсыратын еді дейді. Сондықтан А.Жұбанов – ол бірінші дирижер, онан кейінгі екінші дирижер мен деп айтқан еді.

Жұбановтардың бір ұлы бастауға бірінен соң бірі айналып соғып отыратын ерекшелігі бар. Құдайберген 30-шы жылдардағы Абайтанудың сын сағатында, Абайды қабылдамақ түгіл, одан ат-тонның ала қашып, Абай - бай, діншіл, көп қатын алған деп жамандап жатқанда «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» - деп қасқайып қорықпай бірінші тұжырым жасаған ғалым болды. Семейде Абайдың үлкен музейі бар. Абайдың 150 жылдығына Семейге Есет Құдайбергенұлы Жұбановпен бірге бардық. Музейде Абайды бірінші зерттегендердің тізімі, суреттері, мақалалары экспозицияға қойылыпты. Сонда Ә.Бөкейханов пен Қ.Жұбанов бірінші тұр. Ал, Ахмет Жұбанов болса, 1945 жылы Латиф Хамидимен бірге «Абай» операсын - қазақтың тұңғыш операсын жазды. Маған «Абай» операсының жазылу тарихын, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің операны жазғандағы жұмыстары жөнінде көп деректермен ұзақ әңгіме етіп, атақты дирижер, Ахаңның дарынды шәкірті Шамғон Қажығалиев айтып берген еді.

Ахаңның жұмсақ, жанға жайлы, әрі түсінікті, көркем сөзді дауысы жазылған бірнеше пластинка бүгін аса бір құнды құжат, экспонат. Орталық мемлекеттік музейден алдырылған Ахаңның академиктік (1946 ж.) куәлігі, халық артисі атағы берілген (1944 ж.) куәлігі, депутаттық билеті, Грамотасы (1938ж.), М.Өуезовпен зайыбы Науатпен және немесері Зәуреммен, композиторлардың І-сезінін ашып тұрған президентумдағы, Қарқаралыдағы музыка фестиваліндегі фотолары тағы басқалары жиналды. Бұлардың бәрі өте құнды экспонаттар. Б.Ғизатовтың «Академик Ахмет Жұбанов», Ж.Рсалдиннің, «Ахмет Жұбанов» деген Жұбанов туралы зерттеу кітаптары музейде қойылған. Ахметтің балалары Ажармен жиі кездесу, Ғазиза, Роза, Қайыр, Болатты күтіп алу фотолары бар.

Ғазизаның фотопортреті, «Ақсақ құлан», «Арайлы атқан таң» (1971 ж.), «Жігер» симфониясы (1976 ж.) шығармалары, кітаптары, ноталары мен композитордың шығармалары жазылған пластинка экспозициядан орын алған. Бұл экспонаттар, құжаттар музейде экскурсияны мазмұнды жүргізіп, атақты жерлесіміз туралы тарихты әңгіме, жақсы деректер айтып беруге мүмкіндік береді.

Ахмет Қуанұлының қызы атақты композитор Ғазиза Жұбанова әкесінің ғылыми еңбектерін, мақалаларын жинап, құрастырып 1976 жылы «Ғылым» баспасынан Алматыда 4700 данамен, 475 беттен тұратын үлкен «Ән – күй сапары» кітабын академик А.Жұбановтың 70 жылдығына арнап шығарды. Ақтөбеде кездесуімде Ғазиза апа әкесінің сол кітабына 1987 жылы маған қолтаңба жазып берді. Көп уақыт өтсе де, Ахмет Жұбановтың 1976 жылы шығарылған «Ән – күй сапары» кітабы бізде сақталған. Есет Құдайбергенұлы Жұбанов ғалым-филолог Өзербайжан Мәмбетов – театрдың атақты режиссеры, Ғазизаның жұбайы үйімізде қонақасында

болғанда ұлым Дәуренге бата, қолтаңбаны үлкен атаңның кітабы «Игілігің үшін» деп, Ахмет Жұбановтың кітабының тағы бір данасын 16 қарашада 1990 жылы жазып берді. Кітап бізде сақталуда.

Біраз уақыт өтсе де, композитор Ғазиза Ахметқызы, театр режиссері Өзербайжан Мәмбетовпен, ғалым-филолог Есет Құдайбергенұлымен болған кездесуім жадыма сақталуда. Көрнекті зиялылардан алған әсерім көңілімнен, ойымнан кетпейді, бейнелері әлі күнге көз алдыма. Сол әсерден 1995 жылы халық артисі Ғазиза Жұбанованың есімін Ақтөбе облыстық филармониясына алып бердім, портретін сыйлады. 2027 жылы туғанына 100 жыл болады.

Жазушы М.Өуезов ақын Абайдың даңқын елге жайса, өнер зерттеушісі академик А.Жұбанов композитор Құрманғазыны әйгілі етті.

Жиырмамыншы ғасырда қазақ әдебиетінде бірінші М.Өуезов, кәсіби өнерде А.Жұбанов бірінші.

Ахмет Жұбанов қазақтың тұңғыш профессионал музыканты, тұңғыш профессионал дирижері, тұңғыш профессионал композиторы, тұңғыш өнер ғылымының докторы, тұңғыш профессоры, қазақ ғылым академиясын құрысқан тұңғыш академиктердің бірі, тұңғыш халық аспаптар оркестрін құрған ұйымдастырушы, көркемдік жетекші.

Тәуелсіздікке дейін мерейтойлары аталмаған, кейін Тәуелсіздік арқасында Ахмет Жұбановтың 90 жылдығы 1996 жылы тойланды. Ақтөбеде облыстық мәдениет басқарма бастығы болған жылдары сол той жұмысын ұйымдастыруға атсалыстым. Ахмет Қуанұлы қазақ өнері тарихында бірінші болып дирижерлікті енгізген, бастаған қайраткер. Ғазиза мен Өзербайжанның баласы Әліби композитор болды. Әр жердің топырағы, суы, құнары әртүрлі және әр жерден жаратылып шыққан адамдар да әртүрлі. Байғанин ауданынан жазушы-ақындар, Қобладан батырлар, Шалқардан билер шықты. Ал Мұғалжардан ылғи композиторлар шықты. Ахмет, Ғазиза Жұбановтар, Хабидолла Тастанов, «Боз жорғаның» авторы композитор Орал Бейбітұлы. «Жаңа тұрмыс» ауылы – Жұбанов ауылы шұрайлы, құйқалы жер, жанында үлкен тау бар. Қуан ақсақал осында жерленген.

Ахмет Жұбановтың 100-жылдық тойын өткізгенде ұрпақтары академиктер Болат, Қайыр, Ажар қабір басына барып құран оқытқызды. Ауыл шетінде суы мол, мұздай, суы тұзсыз мөлдір таза құдық бар. Осы құдықты елге деп, малға деп Қуан қаздырған. Ауыл адамдары «Қуан құдығы» деп атайды. Осы құдық Жұбановтар әулетінің ескерткіші, айналсын жөндеп, үстін безендіріп ағаштан қоршау жасалған соң, тарихтан бір белгі қалды.

Ахмет Жұбановтың есімі, еңбегі ел есінде. 2006 жылы ұлы өнер зерттеушісінің 100 жылдығы мерейтойы жоғарғы дәрежеде аталып өтті. Ақтөбеде, Ембіде музейі ашылды, ескерткіш орнатылды. Ембідегі мәдени орталыққа Ахаңның аты берілді. Ақтөбеде музыка колледжі Ахаңның атында, үлкен көше ағайынды Құдайберген, Ахмет атымен аталады. Астанада Ахмет Жұбанов атындағы көше бар.

**Еркін ҚҰРМАНБЕКОВ, ҚР Мәдениет қайраткері, «Ақтөбе облысының Құрметті азаматы».**

2026 ЖЫЛҒЫ САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР

2026 жылдан бастап тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелеріне арналған салықтық мөлшерлемелер бойынша өзгерістер болды. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша осы Кодекстің 576-бабында белгіленген базалық салықтық мөлшерлемелер меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға жердің пайдаланылуы мен қорғалуы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық уәкілетті орган ведомствосының об-

лыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы табыс еткен күннен бастап қырық есеге ұлғайтылады. Бірыңғай жер салығын төлеу жеке табыс салығына өзгертілді. Төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, жеке табыс салығын есептеуді есепті салықтық кезең үшін салық салу объектісіне 0,5 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы салық төлеуші дербес жүргізеді. Жеке табыс салығын бюджетке төлеу жер учаскесі тұрған жер бойынша жүргізіледі.

**Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы**

ҚҰТЫРМА – ҚАЖҮПТҮ АУРУ!

ҚҰТЫРМА - МАЛ МЕН АДАМНЫҢ ОРТАЛЫҚ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ ҚҰЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫМЕН СИПАТТАЛАТЫН ЖАҒПАЛЫ ВИРУСТЫҚ АУРУ. АТАЛҒАН АУРУҒА ҮЙ ЖӨНЕ ЖАБҒЫ ЖӨНЕ СҮТ ҚОРЕКТІЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ БЕЙІМ.



Құтырма адамдармен хайуандарда кездесетін ортақ, өте жұқпалы, аса қауіпті ауру. Табиғатта құтыру ауруы адамның араласуынсыз қасқыр, қарсақ, түлкі, т.б. жыртқыш сүт қоректілердің арасында өрбісе, елді мекендерде ит және мысықтардың ауруды таратудағы маңызы зор. Жабайы түлкі, қарсақтардың көбеюіне байланысты құтырма ауруының таралуы да елді мекендерде малдардың арасында көрініс береді. Сонымен аурудың алдын-алу үшін, әсіресе мал ауылдағы мамандар барғанда мамандар бірге иттерді құтырма ауруының вакциналарымен ектіріп тұруға міндетті. Жылына бір рет құтырмаға қарсы дәрі егіліп, денсаулығы тексерілуі шарт. Құтырманың алдын-алу үшін жергілікті әкімшілік ит-мысықтарды қатаң есепке алып, иесі ит-мысықтарды жойып отыру керек. Үй иттерін асырау тәртібін сақтау, тұмылдырық кигізу, байлауда ұстау керек. Өзіне тән емес қылықтар көрсеткен жануарлар пайда болса, жергілікті ветеринар мамандарға хабарлау керек.

Құтырмаға қарсы екпе курсы тағайындалады. Бірінші дәрі ит қапқан күні, одан соң үш күн өткеннен кейін егіледі. Сосын үшіншісі бір апта уақыттан соң салынады. Сол аралықта сізді қапқан итті мамандар тексеріп, құтырма - құтырмағанын анықтайды. Егер де ондай аурудың нышаны байқалмаса, дәрі егу тоқтатылады. Ал, егер ит ауру болса, 3 ай бойына дәрігердің қарауында боласыз. Құтырма ауру иттердің сілекейі арқылы тарайды. Құтырма ірі қара малында өлірме және сал (паралич) түрінде өтеді. Ауру мал бастапқы кезінде еліріп, алға тұмтылады, кез-келген нәрсені қорадағы қоршауларды сүзеді, маңайына жолағандарға тал береді, әлсін-әлсін басын шалқайтып бар даусымен қатты өкіреді.

Аузынан сілекейі шұбырып, ауру мал төрлейді. Сырдан сүт шықпай қалады, кейде аурудың алғашқы сатысында-ақ жем-шөптен бас тартып, су ішпей қояды. Мал көбінесе қатты күйзеліп, тырысып-бүрісіп қалады. Ақырында өбден әлсіреп жатып қалады, айналасында не болып жатқанын сезбейді, аяқтарын делбедетіп жер соғады. Арандай ашылған аузынан тілі салақтап шығып, сілекейі шұбырады. Аурудың бұл сатысы әдетте 2 (екі) күнге созылады, ауырған малдың алдымен артқы, кейін алдыңғы аяқтары сал болып қалады да, мал ессізденіп өліммен аяқталды.

**Е.МЕКЕЕВ, ҚР АШМ БЖҚК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының вет-сан инспекторы.**

Ж. Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің зейнеткері **Қибат Қожанованың** қайтыс болуына байланысты марқұмның келіні Аңсағаным Байқуатовға және оның отбасына қайғысына ортақтастып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

**Ойыл**

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 208 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# РАМАЗАН — РУХАНИ КЕМЕЛДІЛІККЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН АЙ

УАҚЫТ КЕРУЕНІ ТАҒЫ БІР БЕЛЕСТІ АРТҚА ТАСТАП, ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ, КҮЛЛІ МҰСЫЛМАННЫҢ АСЫҒА КҮТКЕН РУХАНИ МЕЙМАНЫ – МҮБӘРАК РАМАЗАН АЙЫ ТАБАЛДЫРЫҒЫМЫЗДАН АТТАУҒА ЖАҚЫН. БҰЛ АЙ – АСПАН ЕСІКТЕРІ АЙҚАРА АШЫЛЫП, ЖАРАТУШЫНЫҢ РАҚЫМЫ ЖЕР БЕТІНЕ НҰР БОЛЫП ТӨГІЛЕТІН, ПЕНДЕ МЕН РАББЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ МАХАББАТ БЕКИТІН ЕРЕКШЕ МАУСЫМ.



Рамазан – тек ашығу және шөлдеумен ғана сыналатын ай емес. Бұл – рухани кемелдену тәрбие айы. Бұл – нәпсінің тізгінін тартып, жүректің кірін жуатын, руханиятты иман нәрімен сусындатып, адамдық болмысты жаңғыртатын ұлы мектеп. Бір ай бойы атқарылатын ғибадаттар – сабырлықтың нышаны, шүкіршіліктің негізі, әрі бізді «Әл-Әмин» болған Пайғамбарымыздың (оған Алланың

құрметтеп өткізуге шыдай алмағанымыз қалай?» – дейді. Демек, адам баласы бұл айда ораза ұстаумен қатар, күнә атаулыдан тыйылып, өткен күнелері үшін тәубе етіп, Жаратушыдан кешірім тілеуі қажет. Сонда ол адамның күнәсі кешірілумен қатар, үлкен сауапқа ие болады. Ораза өзінің құлшылығы мен орындалуы және сауап тұрғысынан басқа ғибадаттардан ерекше саналады. Себебі Алла Тағала оразаның тек өзі үшін орындалатын риясыз амал екенін, әрі оның «сауабын өзі беретінін» айтқан. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала былай дейді: «Адам баласы оразадан басқа кез келген ісін өзі үшін орындайды, ал ораза – Мен үшін және оның сауабын Өзім беремін», – дейді (имам Бұхари). Сонымен, жоғарыдағы хадистен оразаның өзге құл-

песе, Алла оның ішіп-жеуінен бас тартуына мұқтаж емес», – деген (имам Бұхари). **Төртінші:** Рамазан ықыласты болуға үйретеді. Адам баласы Рамазан айының берекетін сезініп, Жаратушының кешіріміне ие болып, мол сауаптарға кенеледі. Өйткені, Рамазан – «көзбояушылық» деген дерттен айығатын ай. Ораза – Алла мен пенденің арасындағы құпия ғибадат. Намаз оқығаныңызды адамдар көреді, қажылыққа барғаныңызды біледі, зекет бергеніңіз байқалады. Бірақ ораза ұстағаныңызды (шын ниетпен ұстап жүргеніңізді) бір Алла ғана біледі. Осы тұста, шынайы ықыластың үлгісі ретінде тарихтан мына бір тағылымды оқиғаны еске түсірейік. **Бесінші:** Рамазан адам бойына мейірімділік қасиетті арттырады. Рамазан – Алла Тағаланың мейірімі түсетін ай. Бұл айда

(«Бақара» сүресі, 185-аят). Осы себепті Рамазан айы – «Құран айы» деп атаймыз. Бұрынғы өткен ғұламаларымыз осы айда Құран оқуға ерекше көңіл бөлген. Бір кісі имам Әз-Зухриден (Алла оны рақымына алсын) «Рамазан айында қандай істерді жасаған абзал болады?» – деп сұрағанда, ол кісі: «Құран оқу және мискіндерді тойдыру», – деп жауап берген екен. Ендеше, біз де Рамазан айында қасиетті Құранға лайықты түрде көңіл бөліп, оны оқып, үйренуге тырысқанымыз жөн. **Жетінші:** Рамазан дұғаның қабыл болуына жол ашады. Рамазан айының берекетінің бірі – Алла Тағала бұл айда біздің дұғаларымызды қабыл етеді. Қасиетті Құранның «Бақара» сүресіндегі Рамазан оразасының парыз етілгендігі, бұл айда қасиетті Құран түсірілгендігі хабар етілгеннен кейін, келесі аяттарда Алла

# «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»

АУДАНДЫҚ МӨДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТКЕН «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР» АТТЫ КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАҒАН МАЗМҰНДЫ МӨДЕНИ ШАРА БОЛДЫ. УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН БҰЛ КЕШ ӨТКЕН МЕН БҮГІНДІ ЖАЛҒАП, САҒЫНЫШҚА ТОЛЫ СӨТТЕРДІ ЖАҒЫРТТЫ.



Концерт шымылдығы хабарлаусыз ұсынылған эстрадалық би қойылымымен ашылып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сахналық көріністер мен музыкалық композициялар үйлесімді өріліп, кештің мазмұнын байыта түсті. Бағдарлама барысында әр кезеңнің жүректен орын алған әуендері орындалып, көрермендерге өткен жылдардың әсерлі сәттерін еске түсіруге мүмкіндік берілді. Ән арқылы адам жанының нәзік иірімдері, махаббат пен сағыныш, жастық пен естелік сынды тақырыптар кеңінен көрініс тапты. Кештің әсершөлдігі – көрермендермен тығыз байланыста өрбуі. Интерактивті ойындар ұйымдастырылып, жасырылған әндерді табу, әуендерді тану сынды қызықты бөлімдер көрерменнің белсенді қатысуымен өтті. Бұл концерттің мазмұнын жандандырып, зал мен сахна арасындағы рухани байланысты күшейтті. Кеш соңында көпшілікке таныс әуендерден құралған қорытынды бөлім ұсынылып, көрермендерге ерекше әсер қалдырды. «Әндер мен жылдар» концерті – ұлттық өнерінің өміршеңдігін дәлелдеген, өткенге тағзым жасап, бүгінгі күннің тынысын сезіндірген тағылымды шара болды. Мұндай мәдени кештер ауданның рухани өмірін байытып, өнерге деген құрметті арттыра түсетіні анық.

## 2026 ЖЫЛҒЫ РАМАЗАН АЙЫ: НЕГІЗГІ АҚПАРАТ



**19**  
АҚПАН

РАМАЗАННЫҢ БАСТАЛУЫ



**20**  
НАУРЫЗ

ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІ



**16-17**  
НАУРЫЗҒА ҚАРАҒАН ТҮН

ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІ



**29**  
КҮН

ОРАЗА ҰЗАҚТЫҒЫ



**735₸**

ПІТІР САДАҚА МӨЛШЕРІ

салауаты мен сәлемі болсын) көркем мінезіне жақындатып баспапдақ. Қасиетті Рамазан айы адамның руханиятын көптеген жақсы қасиеттермен өрнектейді. Солардың кейбіреулеріне тоқтап өтетін болсақ: **Бірінші:** Рамазан тақуалыққа жетелейді. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Тақуалық етерсіңдер деп сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза ұстау парыз етілді», – деп айтқан («Бақара» сүресі, 183-аят). Олай болса, қасиетті Рамазан айында ораза ұстау арқылы пенденің тақуалығы арта түседі. Ораза ұстау кезіндегі ниеттің, атқарылатын ізгі амалдардың, көркем мінездің барлығының да мақсаты тақуалыққа қол жеткізу болып табылады. **Екінші:** Рамазан күнәдан тазартады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: «Кімде-кім Рамазанда иманмен және сауабынан үміт етіп, ораза ұстаса, оның өткен күнелері кешіріледі», – деп айтқан (имам Бұхари). Қазақтың кемеңгері Шәкәрім Құдайбердіұлы бабамыз «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде: «Уа, достар, оразаға қалайша салақпыз? Оны да парыз емес демейміз. Қарынымыз ашады десек дүние ісі үшін неше күндер аштыққа, қиыншылыққа шайдайтуғынымыз қайда? Және ораза тұтқанда аузымызға не келсе, соны сөйлеп, күнә сөзден, істерден тыйылмай жүріп ұстайтуғынымыз қалай? Құдай тағаланың он бір айы біздің күнә істеуімізге жетпеді ме? Осы бір ғана айды күнә жасамай, шамамыз келгенше

шылықтардан екі ерекшелігін байқаймыз: **Біріншісі:** ораза адамға төндік қалауларынан толығымен бас тартуға мүмкіндік береді. **Екіншісі:** ораза – пенденің тек қана Раббысымен байланысқан жеке нәм «құпия» құлшылығы. Себебі бұл айрықша амалдың сыры ораза ұстаушы мен оның Жаратушысынан өзге ешкімге білінбейді. Басқа құлшылықтардан адамдар хабардар болуы мүмкін, ал ораза – тек қана құл мен Раббысының арасында жасалатын іс. Имам Ғазали (Алла оны рақымына алсын) өзінің «Ихья Улумиддин» еңбегінде ораза ұстаушының үш дәрежесін баян еткен. Олар: Ішіп-жеуден тыйылу. Бұл оразаның қарапайым мұсылман баласына тән ең төменгі дәрежесі. Дене мүшелерінің оразасы. Бұл дене мүшелерінің оразасы. Яғни, саликалы пенделердің оразасы. Жүрек оразасы – дүрбелең дүниеден баз кешіп, тек Алла Тағаланы, ақыретті ғана ойлау. Бұл көз қызығарлық қызылды-жасылды жалған өмірді тәрк етіп, Аллаға бет бұрумен ерекшеленетін жүрек оразасы пайғамбарлардың, шыншылдар мен тақуалардың оразасы саналады. **Үшінші:** Рамазан нәпсіні тәрбиелейді. Ораза – адамның өз еркіне ие болу қабілетін шыңдайды. Күнделікті өмірде рұқсат етілген (халал) су мен тамақтан өзін тыйған адам, Рамазаннан кейін харам нәрселерден (өтірік айту, ғайбат сөйлеу) өзін оңай тыя алады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: «Кімде-кім өтірік айтуды және онымен амал етуді тәрк ет-

түсірілген Қасиетті Құран адамдарға мейіріммен түскен. Ол турасында Алла Тағала қасиетті Құранда: «Уа, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректіңе шипа, сенушілер үшін тура жол және мейірім түрінде (Құран) келді», – деп айтылған («Юнус» сүресі, 57-аят). Алла Тағаланың мейірімі түсетін мұндай қасиетті айда адамдар да өзара бір-біріне мейірімді болуы қажет. Хадисте: «Адамдарға мейірімділік танытпағанға, Алла Тағала да мейірімділік етпейді», – деп айтылған (имам Бұхари, Мүслим). Рамазан айында адамдарға мейірімділік таныту дегеніміз қарым-қатынас жасағанда көркем мінезді болу, қателіктерін кешіре білу, жомарттық жасап, мұқтаж жандарға көмектесу, садақа беру, өзге ораза ұстаушыларға ауызашар беру сынды ізгі істер жасау. Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде: «Кімде-кім аузы берік болса, қарым-қатынас дауыс көтеріп, айқай шығармасын. Біреу оған тіл тигізсе немесе онымен керісінсі келсе оған: «Мен оразамын» десін», – деп өсиет ету арқылы біздерге өзгелермен мейірімділіктің аясында қарым-қатынаста болуға шақырған. **Алтыншы:** Рамазан Құранның берекетіне бөлейді. Рамазан айы Қасиетті Құранмен тығыз байланысты. Өйткені Құран Кәрім осы айда түскендіктен, оразаны да осы айда ұстау парыз етілді. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол нұсқаушы және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді», – деген

Тағала: «Егер құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: Мен оларға өте жақынмын, қашан менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін», – деген («Бақара» сүресі, 186-аят). Ибн Кәсир (Алла оны рақымына алсын): «Бұл дұға етуге шақырған аяттың оразаның үкімдерімен бірге келуі, сол оразаның белгілі күндері толғанда және әрбір ауызашар алдында дұға етуге тырысу қажеттілігін білдіріп тұр», – деген. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында, ораза ұстаушының ауызашар алдындағы сұраған дұғасы кері қайтарылмайды», – деп айтқан. Қорыта айтқанда, Рамазан – жай ғана белгілі бір уақыт аралығында ішіп-жеуден тыйылу маусымы емес. Бұл – адамның рухын шыңдап, нәпсіні тізгіңдейтін, пендені кемелдікке жетелейтін тәрбие мектебі. Бұл айдағы басты мақсатымыз – жүрегімізді ғапылдықтан ояту, бойымызға көркем мінез дарыту және Раббымызбен болған байланысты шынайы ықыласпен бекемдеу болуы тиіс. Егер біз Рамазан айынан рухани жаңарған, мейірімді, сабырлы әрі тақуа қалпымызда шыға алсақ, онда қасиетті айдың бізге берген жемісі мен жеңісі осы болмақ. Алла Тағала алда келе жатқан қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізіп, ұстайтын оразамызды, жасайтын құлшылықтарымыз бен қайырымды істерімізді қабыл еткелі! Елімізге тыныштық, отбасымызға береке беріп, айдан аман, жылдан есен өтуді баршамызға нәсіп етсін! Әмин!

## ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ЖАҢА КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ



ауыр жүкті көтеруден тайсалмайтын, еңбек десе құлшынып тұратын ұлдарын қара нарға теңейді. Бұл жоғары баға қандай істі болса да қолға алудан қаймықпайтын, әрі оны аяғына дейін жеткізіп тындыра алатын жігіттің де жігітіне, азаматтың да азаматтан қарата айтылады. «Адам өз өмірін еңбектеуден бастап, еңбектенумен аяқтайды» - дегендей, оның өмірі осы сөйлемнің ішіне сыйып тұр. Осыдан көпті көрген жан елдік мінез, бүгінгі заман, қазіргі қоғамдық өмір, адамдардың қарым-қатынасы туралы ойлары кім-кімді де бең-жай қалдырмайды! Осы орайда Қадір ақынның «Талантты бағалайық тірісінде» деген өлеңі еске түседі. Сондықтан да, туған елі, халқы үшін тер төккен азаматтардың газеттерге хабар-ошар жазудан басталған екен. Бірақ, қаламгерліктің оңайлықпен қол жеткізе қоймайтын асау өнер екенін де түсіне білген Әбекең елу жылдан астам уақыттан бері журналистік қызметінде еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласып, әртүрлі әлеуметтік мәселелерді көтерді. Ал, сараптамалық, талдау мақалалары оқырманның көңілінен шығып, бағасын алды. Тағы бір ерекшелігі – оның жөй өңгіме арасындағы сөзінің өзіннен қасаң баяндаудан гөрі журналистикаға тән сөзді ойнату, кейіпкерін өзебі бейне дәрежесіне көтеруге ұмтылысы айқын байқалады. «Жүктің ауырын нар ғана көтере алады» - демекші, әуел бастан бар тіршілігі малмен байланысты болған халқымыз

## МҰЗДАҒЫ ТАРТЫС: АҚТӨБЕЛІК ҚҰТҚАРУШЫЛАР ХОККЕЙДЕН БАҚ СЫНАДЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТЖД БӨЛІМДЕРІ АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚҰРАМНЫҢ СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ХОККЕЙДЕН ТУРНИР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. Аталған спорттық жарыс №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің базасында өтіп, департаментке қарасты бөлімдердің қызметкерлері белсенді түрде қатысты. Турнир барысында командалар жоғары дайындықтарын, командалық рух пен жеңіске деген жігерлерін көрсете білді. Аталған сайыстың қорытындысы бойынша жүлделі III дәрежелі диплом Байғанин ауданының №11 өрт сөндіру бөліміне бұйырды. II орынды Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі №18 өрт сөндіру бөлімі лайықты түрде иеленсе, сайыстың жеңімпазы атанып, I дәрежелі дипломға №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі қол жеткізді. Турнир қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар мен ойыншылар алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Бақжарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.**